

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы №3

«Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты» КММ

06 .03.2020 жыл

Қатысқандар: 35 адам

1. Жуманов Ғайниден Кабиденевич - кеңес төрағасы
2. Ильдин Ренат Қуатжанұлы – кеңес орынбасары
3. Сейткулов Жанат Жақыбайұлы – кеңес мүшесі
4. Тусупов Орман Ғаниұлы – кеңес мүшесі
5. Курманов Алтынбек Жұматұлы – кеңес мүшесі
6. Сапабеков Болатбек Талғатбекұлы – кеңес мүшесі
7. Макишев Асет Жүрсінұлы – кеңес мүшесі
8. Укубасова Гүлден Зейноллақызы - кеңес мүшесі
9. Боканова Акмарал Муратовна – кеңес мүшесі
10. Канафина Айнұр Мәңгіліқызы- кеңес хатшысы
11. Досмагамбетова Салтанат Сейтжанқызы –мектеп-интернат директоры.
12. Тусупбекова Анаргүл Турлыбековна -мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
13. Саликова Елмира Мергенбайқызы - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
14. Тулешова Айжан Шахманқызы - мектеп директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары
15. Әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымдары

Күн тәртібінде:

1. Қоғамдағы жавс ұрпақ тәрбиесіндегі ролі;
2. Кабинеттердің санитарлық жағдайларын қарау;
3. Ш.Айманов облыстық оқулар
4. 8, 22-наурыз бағдарламасы
5. Оқушылардың бос уақытын қамту;
6. Ашық есік күні

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселелермен кеңес төрағасы Ғ.К.Жұманов таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Қамқорлық» кеңесінің төрағасы Ғ.К.Жұманов «Қоғамдағы жавс ұрпақ тәрбиесіндегі ролі» тақырыбында баяндама оқыды.

2. Кабинеттердің санитарлық жағдайы: А.Р.Саликова

Мектебімізде кабинеттердің санитарлық жағдай жақсы, аптасына 2-рет тексеріледі, әр кабинеттерде температуралық режим кестесі бар, стандарттық талаптарға сай жабдықталған. Ең бастысы кабинеттер таза.

3. 8, 22-наурыз бағдарламасы: Е.М.Саликова

Мектебімізде 8, 22-наурыз мерекесіне арналған арнайы жоспармен таныстырды. Жоспарға сай сынып детекшілер мен тәрбиешілер, жауапты ұстаздар шаралар өтеді

1. Ш.Айманов облыстық оқулар: А. Ш.Тулешова

Баянауыл ауданы, Ш. Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатында Павлодар «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру орталығы және Баянауыл

аудандық білім беру бөлімінің қолдауымен облыстық Шәкен Айманов оқулары өтті. Мақсаты: Ш. Аймановтың қазақ өнерінде жасаған еңбектерін насихаттай отырып оқушылардың бойындағы табиғи талантын ұштау, дарынды оқушыларды мадақтау.

Облыстық оқуларға Екібастұз қаласынан- 18 оқушы, Павлодар қаласынан-1 оқушы, Ақтоғай ауданынан -1 оқушы, Баянауыл ауданы мектептерінен -93 оқушы қатысты. Оқулар: 6 секция бойынша жұмыс жасады. Оқушылар төмендегідей жүлделі орындарға ие болды.

«Сахна саңлағы» секциясы бойынша оқушылар қазақ драматургтерінің шығармалары бойынша қойылым көрсету болды.

I орын- Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты

II орын -Дүйсен Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебі, I Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебі.

III орын –Ә.Марғұлан атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Лекер негізгі мектебі Екібастұз қаласы С. Торайғыров атындағы №22 жалпы орта білім беру мектебі марапатталды.

«Ақ қағаз қалам сия келді бізге» мүшайра секциясында «Шәкен – дарын сахнаның сардары», «Табиғаты тамсандырған даламыз», «Алтын ұя-мектебім» тақырыбында жеребе бойынша таңдап алып, өлеңдерін шығарды. Секция жабық түрде өтті.

I орын- Бахтыбаева Аружан Екібастұз қаласы №26 жалпы орта білім беру мектебі.

II орын – Әшім Айғаным Шадыра МБОТК, Алданыш Шолпан Ә. Марғұлан ЖОББМ мектебі.

III орын –Адамбекова Сандуғаш З. Ақышев атындағы жалпы орта білім беру мектебі. Қаппай Инжу Екібастұз қаласы №26 жалпы орта білім беру мектебі. Ризаев Ерасыл Жайма жалпы орта білім беру мектебі марапатталды.

«Көңілім әнді ұғады» секциясы екі топта болды.

1. 10 – 13 жас аралығында бір ән: (үміткер қалауы бойынша халық әндері немесе халық композиторларының әндерінен немесе Ш. Айманов фильмдеріндегі қолданған эстрада жанрындағы әндерден бір ән)

2. 14 – 16 жас аралығында екі ән:

Қатысушы екі ән орындауы міндетті.

- Халық әні немесе халық композиторларынан бір ән; (Қосымша 1)

- Ш. Айманов фильмдеріндегі қолданған эстрада жанрындағы әндерден бір ән.

I топ бойынша I орын – Нурылбекова Армангүл Екібастұз қаласы №22 жалпы орта білім беру мектебі.

II орын Жасқайрат Бексұлтан С. Торайғыров атындағы №22 жалпы орта білім беру мектебі. Сайкен Нұрдаулет Екібастұз қаласы №26 жалпы орта білім беру мектебі.

III орын Сейтахмет Шұғыла Майқайың №1 жалпы орта білім беру мектебі. Мұратова Асия М.Ж. Көпеев атындағы жалпы орта білім беру мектебі. Анес Айсұлу Үшқұлын негізгі мектебі.

II топ бойынша I орын Үкібай Дария Шадыра жалпы орта білім беру мектебі.

II орын Камалиева Балжан III. Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты. Қабидолла Әсел Д. Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебі.

III орын Серікбай Ақбота Егіндібұлақ негізгі мектебі, Егінтай Аяулым З. Ақышев атындағы жалпы орта білім беру мектебі. Ахметова Нұргүл Майқайың №1 жалпы орта білім беру мектебі.

«Қылқалам және қол өнер шеберлері» секциясында III. Айманов кинофильмінен үзінді көрсетілді. Оқушылар сол кинофильмінен көргендерін эпизодты суретке салып, үйден жасап алып келген қол өнер бұйымдарын қорғады. Бұл секция бойынша I орын - Ғалымжанова Асылым З. Ақышев атындағы жалпы орта білім беру мектебі. II орын - Нұртай Мирас Ж.Ағаділов атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Болат Нұртілек Шадыра МБОТК. III орын - Бейсен Нұржанат Д.Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Сәмен Ернар С. Торайғыров атындағы жалпы орта білім беру мектебі. Балтабаева Алтынай Екібастұз қаласы С.Торайғыров атындағы №22 жалпы орта білім беру мектебі

«Айтыс» секциясы бойынша 5 жұп айтысты.

-III.Аймановтың өнер саласындағы еңбегін насихаттау.

-III.Айманов мектеп-интернатының 80 жылдық тарихын жырға қосу

- «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын негін жырлау.

- Биылғы жастар жылының мақсатын тақырыпқа қосу.

- Жас айтыскер ақындардың суырып салмалық қасиеттерін, тума талант,табиғи дарындарын анықтау.

- **Жас таланттарға шығармашылық қабілетін дамыту.**I орын – Бейсенбі Мәншүк Ақтоғай ауданы, Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі.

II орын- Хайдаров Бексұлтан Екібастұз С. Торайғыров атындағы жалпы орта білім беру мектебі. Базарбай Азамат III. Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты

III орын – Қапаш Мирас Жаяу Мұса атындағы өнер мектебі, Әбдірахман Ерболсын М.Ж. Көпеев атындағы мектебі. Сәулет Нұршапағат Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балалар мектебі.

Номинация: «Ұлағатты ұстаз, ақын Қайрат Әбенев атындағы номинация» - Қабиден Арман М. Ж. Көпеев атындағы жалпы орта білім беру мектебі.«Актер, халық әртісі Кәукен Кенжетаев атындағы номинация»-Ордабаев Арман Жаяу Мұса атындағы өнер мектебі, «Актер, халық әртісі Жанас Ысқақов атындағы номинация» Кәкімсейіт Дінхан

Екібастұз қаласы №4 мектебі, «Ұлағатты ұстаз, ақын Камашев Сланбек атындағы номинация» Қабиден Ақжол.

VI секция «Менің мектебімнің тарихы» секциясында әр мектеп өздерінің мектеп тарихы бойынша ғылыми жоба жазып, презентация жасап қорғады. Бұл секция бойынша I орын – Толегенова Аяулым Ш. Айманов ЖОББМИ. II орын – Заркен Мархаббат Егіндібұлақ ЖОББМ. , Дуан Елдара Ж.Аймауытов ЖОББМ. III орын – Қайыртау Әсем Шадыра ЖОББМ, Жалбай Дильназ – Сулужон ЖОББМ . III - орын Қабдолла Дильназ З.Ақышев ЖОББМ.

«Қамқоршылық» кеңес төрағасы Г.К.Жуманов сөз алды: Осы облыс деңгейінде өткен шараға кеңес мүшелері демеушілік іздеп демеу болдық. Демеушілік көрсеткендер: Ш. Аймановтың немере інісі Музапаров Токжан Шаматович, Баянауыл ауданының ел азаматтары: Ішкі саясат бөлімі- 50000теңге, Баянауыл ұлттық табиғи паркінің бастығы Ахметжанов Сүйіндік Бердешұлы- 50000теңге, Камашев Косманбек Сланбекұлы-100000теңге /айтысқа/ Мукашева Бағлан Хаджымуратовна -50000теңге Байпақбаева Клавдия Ануарбековна, Смагулов Толеген Ынтықбаевич – 30000теңге. Жалпы құны – 285000теңге жиналды. Жиналған қаражатты кеңес мүшелерімен осы оқуларда орын алған оқушыларға бағалы сыйлықтар табысталды.

2. Оқушылардың бос уақытын қамту: А.А.Абишева

Оқушылардың бос уақытын қамту бойынша, оқушы компонентінен - 30 үйірме, гимназия компонентінен -60 үйірме мұғалімдерге берілген болатын. Үйірме кестесі аптаның әр сенбісінде қойылды. Іжартыжылдықта үйірмелердің басым бөлігі талапқа сай жүргізілді. Мектепте мерекелік концерт, спорттық жарыстар, кездесулердің өтуде. Оқушыларымыз аужандағы «Өнер» және «Спорт» мектебіне барады, Оқушылар қызығушылықпен қатысады.

3. Ашық есік күні: Г.Укубасова

Ата-аналар комитетінің төрайымы Г.Укубасова сөз алды. Ашық есік күніне арналған бағдарлама құрылды. Бағдарлама бойынша ата-аналар белгіленген бағыт бойынша мектепті араладық. Содан кейін мұғалімдердің сабақтарына қатыстық, Мектептің мәжіліс залында кері байланыс, тренингке қатыстық.

Шешім:

1. Баяндама тіркелсін;
2. Кабинеттердің санитарлық-жағдайларын бақылау жалғасын тапсын;
3. Қамқоршылық кеңесінің статусы: Заңды тұлғаны құру жолын құқықтық мәртебеге ие болуды қарастыру.
4. Тәрбие жұмысы бойынша іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді,
5. «Қамқоршылық» кеңес жұмысы ары қарай жандандырылсын;
6. «Ашық есік» күні жақсы деңгейде жүргізілді

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Г.К.Жуманов

Хатшы:  А.М.Канафин